Келісілді:
Атырау қалалық білім бөлімінің
басшысы Ф. Шангереева

2022 жыл «4» қараша

Бекітемін:
Мектеп директоры
Ж. Урымбасарова

2022 жыл «4» қараша

№26 С.Датов атындағы орта мектебінің
2022 ж. 4 карашадағы №2 педагогикалық
кеңестің №2 хаттамасымен қабылданды

# Атырау қаласы
# «Қалалық білім бөлімі мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектебінің»
# 2022-2023 оқу жылына арналған
# №2 жұмыстық оқу жоспары

**Жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспарларына**

## ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

*Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:*

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) денешынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген денешынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауаташунегіздері;
6) қазақтілі (оқытубасқатілдежүргізілетінтоптарда);

7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаганортаментаныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Стандарт талаптарынасәйкесәзірленгенҮлгілікоқужоспарларындабалалардыңжасерекшеліктерінесәйкескіріктірілгенұйымдастырылғаніс-әрекеттерберілді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:
- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:
1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:
физикалықдамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

**5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:**
әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-
қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық,әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

**7. Физикалық қасиеттерді дамыту.**

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

**8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды,өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың

ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу,шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

**9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.**

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және

патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

**10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.**

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін,

тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын,ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

**11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.**

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;

дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін

көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды,моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

**Жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектеп КММ –нің 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарына арналған**

## Түсінік хат

«Жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектеп КММ» 2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, сонымен бірге оқу-тәрбие процесінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығын, «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығын, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығын, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын, «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығын, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығын, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығын- өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 7 тамыздағы №332 бұйрығы), «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығын басшылыққа алады.

Типтік оқу жоспарының құрылымында берілген инвариантты оқу жүктемесі сақталып, оқушыларды ауызекі сөйлеу арқылы өз ойын жеткізе алуға дағдыландыру, сыни ойлау қабілеттерін жетілдіре отырып, шығармашылық ізденістерін дамыту және тарихи құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу, жаратылыстану пәндерін игерту мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 11, 16, 21 және 22-қосымшасына сүйене отырып, төмендегіше бөлінді.

**1-4- сыныптар берілген таңдау пәндер бойынша** білім алушылардың оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту көздей отырып, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, ойлау дағдысын, ойнау логикасын, дүниетанымын кеңейтуге және қоғамдық тәжірбиені қалыптастыруға дағдыландыру,мақсатында шахмат ойынына 1 сағат таңдау берілді.

**1-11- сыныптар** аралығында таңдау пәндер бойынша дене шынықтыру пәнінен 1 сағат спорттық ойындарға орналастырылды.

**5- 9- сыныптар вариативтік компонент** «Жаһандық құзіреттер» курсы бойынша

**5- 8 сыныптарға** 0,5 сағатқа «Жаһандық құзіреттер» курсы жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне не бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында аталған курс аясында сағат жүктемелері тиісінше орналастырылды. Және де **9- 10- 11 – сыныптарға** 1 сағат «Жаһандық құзіреттер» курсы орналастырылды.

**5- 11- сыныптар** дене шынықтыру ойындары 1 вариативтік компонент есебінен дене шынықтыру сабағынан спорттық түрлі ойындарға 1 сағаттан бөлініп , орналастырылды.

**7-9- сыныптар бойынша инвариантты компоненттен таңдау бойынша үш пәннен 3 сағат төмендегідей оқушы таңдауына бағытталып орналастырылды:**

7 «а» сыныбына география пәнінен 1 сағат; биология пәнінен 1 сағат; шет тілі (ағылшын) 1 сағат;
7 «б» сыныбына география пәнінен 1 сағат; биология пәнінен 1 сағат, шет тілі (ағылшын)1 сағат;
7 «в» сыныбына физика пәнінен 1 сағат; алгебра пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат;
7 «г» сыныбына химия пәнінен 1 сағат; биология 1 сағат; алгебра пәнінен 1 сағат;
7 «д» сыныбына тарих пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат; химия пәнінен 1 сағат;
7 «е» сыныбына биология пәнінен 1 сағат; химия пәнінен 1 сағат; алгебра пәнінен 1 сағат бекітілді.

8 «а» сыныбына тарих пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат; география пәнінен 1 сағат
8 «б» сыныбына биология пәнінен 1 сағат;химия пәнінен 1 сағат, алгебра 1 сағат;
8«в» сыныбына биология пәнінен 1 сағат; география пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат;
8 «г» сыныбына алгебра пәнінен 1 сағат; информатика 1 сағат; шетел тілі пәнінен 1 сағат;
8 «д» сыныбына алгебра пәнінен 1 сағат; тарих- 1 сағат; шетел тілі пәнінен 1 сағат бекітілді.

9 «а» сыныбына тарих пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын)1 сағат;алгебра пәнінен 1сағат
9 «б» сыныбына тарих пәнінен 1 сағат; география пәнінен 1 сағат, шет тілі(ағылшын) 1 сағат;
9 «в» сыныбына биология пәнінен 1 сағат;география пәнінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат;
9 «г» сыныбына биология пәнінен 1 сағат, география 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат;
9 «д» сыныбына алгебра пәнінен 1 сағат; физика 1 сағат; информатика пәнінен 1 сағат бекітілді.

**10- 11- сыныптар таңдау бойынша пәндерден тереңдетілген деңгей бойынша 3 сағаттан 2 пәнге төмендегідей пәндер орналастырылды.**

**Қоғамдық-гуманитарлық бағытта 10 «а» сыныбына** дүние жүзі тарихы 2 сағат; құқық негіздері 2 сағат;

**Стандартты деңгей бойынша** 2 сағаттан 2 пән бойынша биология пәнінен 2 сағат, кәсіпкерлік негіздері 2 сағат;

**Инварианттық компоненттен таңдау пәндер:**
Қазақ әдебиетінен 1 сағат; шет тілі(ағылшын) 1 сағат; алгебра пәнінен 1 сағат; география пәнінен 1 сағат орналастырылды.

11 «а» сыныбы бойынша тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән;
Дүниежүзі тарихы-2 сағат, құқықтану пәні бойынша 2 сағат:

Стандартты деңгей бойынша 2 сағаттан 2 пән;
Химия пәнінен 2 сағат, Кәсіпкерлік негіздері 2 сағат;

**Инварианттық компоненттен таңдау пәндер:**
Алгебра және анализ бастамалары -1 сағат, шет тілі (ағылшын) 1 сағат, биология-1 сағат, физика -1 сағат:

**Жаратылыстану – математикалық бағытта тереңдетілген деңгей бойынша 3 сағаттан 2 пәнге төмендегідей пәндер орналастырылды.**

**10 «б»** сыныбына химия 3 сағат; биология 3 сағат,

**Стандартты деңгей бойынша** 1 сағаттан 2 пән бойынша;
Дүниежүзі тарихынан пәнінен 1 сағат, Кәсіпкерлік негіздері пәнінен 1 сағат;

**Инварианттық компоненттен таңдау пәндер бойынша 4 сағат бекітілді:**
География 1 сағат; физика 2 сағат; биология пәнінен 1 сағат орналастырылды.

**Элективті курс;**

10 «б» сыныбына; «Алгебра және анализ бастамалары» -1 сағат,

**11 «б» сыныбы бойынша;**

**Тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән;**
Химия – 3 сағат, Биология – 3 сағат;

**Стандартты деңгей бойынша 1 сағаттан 2 пән;**
Дүниежүзі тарихы – 1сағат, Кәсіпкерлік бизнес негіздері – 1 сағат;

**Инварианттық компоненттен таңдау пәндер бойынша 4 сағат бекітілді:**
География пәні – 1 сағат, физика – 1 сағат, биология – 1 сағат, шетел (ағылшын) тілі 1 сағат бөлінді.

**Элективті курс;**

11 «б» сыныбына; «Алгебра және анализ бастамалары» -1 сағат,

Жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылындағы үйде жеке тегін оқытудың оқу жоспарына

## Түсінік хат

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы, 11 тарау. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары негізінде басшылыққа алынды.

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022жылғы 7сәуірдегі №ҚР ДСМ – 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысымен 01.09.2022ж-31.05.2023ж дейінгі мерзімде оқу көрсетілді.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022жылғы 14 қазандағы
№422 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 12 тамыздағы
№499 бұйрығына 1-қосымша

**Жалпы білім беретін №26 С.Датов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5жастағы балалар) 2022-2023 оқу жылы**

| Р/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалардың іс-әрекеті* | Ұйымдастырылған іс әрекеті бойынша апталық сағаттар саны | | | | Аптасына өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктілік | Жылдық жүктілік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | МАД «А» | МАД «Б» | МАД «В» | МАД «Г» | | | |
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3сағ | 12 | 318 |
| | Дене шынықтыру** | | | | | күн сайын | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту | 2 | 2 | 2 | 2 | 2сағ | 8 | 212 |
| | Көркем әдебиет | 2 | 2 | 2 | 2 | 2сағ | 8 | 212 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті | | | | | күн сайын | | |
| | Қазақ тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2сағ | 8 | 212 |
| | Қазақ тілі*** | | | | | күн сайын | | |
| 3 | Сауат ашу негіздері | 3 | 3 | 3 | 3 | 3сағ | 12 | 318 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | | | | | күн сайын | | |
| 4 | Математика негіздері | 3 | 3 | 3 | 3 | 3сағ | 12 | 318 |
| | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | | | | | күн сайын | | |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 2сағ | 8 | 212 |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | | | | | күн сайын | | |
| 6 | Сурет салу | 1 | 1 | 1 | 1 | 1сағ | 4 | 106 |
| | Мүсіндеу | | | | | | | |
| | Жапсыру | | | | | | | |
| | Құрастыру | | | | | | | |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | | | | | күн сайын | | |
| | Музыка | 2 | 2 | 2 | 2 | 2сағ | 8 | 212 |
| | Музыка**** | | | | | күн сайын | | |
| 8 | Барлығы | | | | | 20сағат | 20сағат | 530 |

**Оқу ісінің меңгерушісі** Ш.Сәрсенғалиева

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 412 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
11-қосымша

**Бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен)**
**үлгілік оқу жоспары**
**1-сынып**
**2022 – 2023 оқу жылы**

| Сыныптар / Оқу пәндері | 1 | | | | | | Оқу аптасындағы сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | а | б | в | г | д | е | | |
| **1.Инварианттық компонент** | | | | | | | | |
| **Тіл және әдебиет** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | **36** | **954** |
| Әліппе,Ана тілі | 6 | 6 | 6 | 6 | 6 | 6 | 36 | 954 |
| **Математика және информатика** | **4.5** | **4.5** | **4.5** | **4.5** | **4.5** | **4.5** | **27** | **715.5** |
| Математика | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 24 | 636 |
| Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 3 | 79.5 |
| **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **6** | **159** |
| Жаратылыстану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| **Адам және қоғам** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **6** | **159** |
| Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| **Технология және өнер** | **3** | **3** | **3** | **3** | **3** | **3** | **18** | **477** |
| Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| Еңбекке баулу | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| Бейнелеу өнері | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| **Дене шынықтыру** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **12** | **318** |
| Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 12 | 318 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | **17,5** | **17,5** | **17,5** | **17,5** | **17,5** | **17,5** | **105** | **2782.5** |
| **2.Вариативтік компонент** | | | | | | | | |
| **Таңдауы бойынша сабақтары: шахмат** | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| Дене шынықтыру: спорттық ойындар | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 159 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **12** | **318** |
| **Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі** | **19,5** | **19,5** | **19,5** | **19,5** | **19,5** | **19,5** | **117** | **3100.5** |

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары** **Ш.Сәрсенғалиева**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 412 бұйрығына
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
11-қосымша

**Бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен)**
**үлгілік оқу жоспары**
**2-сынып**
**2022 – 2023 оқу жылы**

| Сыныптар / Оқу пәндері | 2 | | | | | | Оқу аптасындағы сағат саны | Оқу жылындағы сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | а | б | в | г | д | е | | |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | | |
| **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | **66** | **1815** |
| Қазақ тілі | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 24 | 660 |
| Әдебиеттік оқу | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 18 | 495 |
| Орыс тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 12 | 330 |
| Шет тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 12 | 330 |
| **Математика және информатика** | **5** | **5** | **5** | **5** | **5** | **5** | **30** | **825** |
| Математика | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 24 | 660 |
| Ақпаратық-коммуникациялық технологиялар | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **6** | **165** |
| Жаратылыстану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| **Адам және қоғам** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **12** | **330** |
| Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| **Технология және өнер** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **12** | **330** |
| Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| Көркем еңбек | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| **Дене шынықтыру** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | **12** | **330** |
| Дене шынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 12 | 330 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | **22** | **22** | **22** | **22** | **22** | **22** | **132** | **3630** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | | |
| Таңдауы бойынша сабақтары: шахмат | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| Дене шынықтыру:спорттық ойындар | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | 165 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **6** | **165** |
| **Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі** | **24** | **24** | **24** | **24** | **24** | **24** | **144** | **3960** |

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары** **Ш.Сәрсенғалиева**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 412 бұйрығына
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
11-қосымша

**Бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен)**
**үлгілік оқу жоспары**
**3-сынып**
**2022 – 2023 оқу жылы**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3«а» | 3«б» | 3«в» | 3«г» | 3«д» | | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | | **55** | **1512.5** |
| 1 | Қазақтілі | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | | 20 | 550 |
| | Әдебиеттік оқу | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 15 | 412.5 |
| 2 | Орыс тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| 3 | Шетел тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| **II** | **Математика және информатика** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | | **30** | **825** |
| 4 | Математика | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | | 25 | 687.5 |
| 5 | Цифрлық сауаттылық | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | | **10** | **275** |
| 6 | Жаратылыстану | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| **IY** | **Адам және қоғам** | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | | **5** | **137.5** |
| 7 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| **Y** | **Технология және өнер** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | | **10** | **275** |
| 8 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| 9 | Көркем еңбек | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| **YI** | **Дене шынықтыру** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | | **10** | **275** |
| 10 | Денешынықтыру | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| | **Инварианттық оқу жүктемесі** | **24** | **24** | **24** | **24** | **24** | | **120** | **3300** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | | | |
| | Таңдауы бойынша сабақтар:шахмат | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| | Дене шынықтыру: спорттық ойындар | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| | **Вариативтік оқу жүктемесі** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | | **10** | **275** |
| | **Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі** | **26** | **26** | **26** | **26** | **26** | | **130** | **3575** |

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары** **Ш.Сәрсенғалиева**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 412 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
11-қосымша

**Бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен)**
**үлгілік оқу жоспары**
**4-сынып**
**2022 – 2023 оқу жылы**

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4«а» | 4«б» | 4«в» | 4«г» | 4«д» | | апталық | жылдық |
| **Инварианттық компонент** | | | | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | | **55** | **1512.5** |
| 1 | Қазақ тілі | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | | 20 | 550 |
| | Әдебиеттік оқу | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | | 15 | 412.5 |
| 2 | Орыс тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| 3 | Шетел тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | | 10 | 275 |
| **II** | **Математика және информатика** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | | **30** | **825** |
| 4 | Математика | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | | 25 | 687.5 |
| 5 | Цифрлық сауаттылық | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | | 5 | 137.5 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **2** | **2** | **2** | **2** | **2** | | **10** | **275** |
